

**Маңғыстау облысы білім басқармасының 2022 жылғы 8 ақпандағы № 41 нқ
«Маңғыстау облысы білім беру ұйымдарындағы тамақтандыру сапасына
мониторинг жүргізу жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық тобын құру
туралы» 15.09.2023 жылғы №195 бұйрығына сәйкес, Түпқараған ауданының
білім беру ұйымдарында білім алушылар мен тәрбиеленушілерді
тамақтандыру сапасына жүргізілген мониторингтың
ХАТТАМАСЫ №2**

Мониторинг уақыты: 23.10 – 24.10. 2023жыл

Объект: Түпқараған ауданы бойынша жалпы білім беретін мектептер, мектеп-лицейлер, мектеп-гимназиялар.

Мониторингке топ мүшелері:

Досмағанбетова Жадыра Бакытжановна – Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің бас маманы;

Елеусинова Милана Аминовна - «Қолдау орталығы» жекеменшік мекемесінің жетекшісі, (келісім бойынша);

Танатова Гүлжан Алипкалиевна - Түпқараған аудандық санитарлық-эпидемиологиялық басқармасы басшысының міндетін атқарушы (келісім бойынша);

Джулдыбаева Балғаным Айтибекқызы - «Amanat» партиясының бақылау комиссиясының төрағасы, аудандық мәслихат депутаты (келісім бойынша);

Амирхан Маржан Кошбармаковна - Ата-аналар өкілі, (келісім бойынша) катысты.

Қаралған мәселелер:

1. Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды бойынша талап;
2. Мекеменің бракеражды комиссиясының жұмысын талдау;
3. Балалар тамақтанатын ыдыстардың жай-күйі;
4. Ас ішетін бөлмеге қойылатын талаптар;
5. Перспективалық мәзірге қойылатын талаптар;
6. Мәзірге қойылатын талаптар;
7. Тыйым салынған өнімдер;
8. Тәуліктік сынамаларға қойылатын талаптар;
9. Ас блогында тауарлардың сатылуына жол бермеу.

Түпқараған ауданының білім беру ұйымдарында білім алушылар мен тәрбиеленушілерді тамақтандыру сапасына ақпан айында жүргізілген мониторингінің қорытындысы бойынша төмендегілер анықталды:

1. Аудандағы барлық білім беру ұйымдарында аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасынан санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды алынған.

2. Барлық мектептерде мектеп басшысының бұйрығымен бракераж бұйрықтары құрылған. Бұйрыққа сәйкес, жұмыс кестесі бекітіліп, тамақтандыру сапасы күнделікті қадағаланады.

Медицина қызметкерлері дайын тағамдардың сапасын органолептикалық бағалау журналына енгізген.

3. Мектептердегі жарықтары, сынықтары бар ыдыстар уақытымен ауыстырылып отырады.

4. Мектептердің ас ішетін залы таза, жарық. Қол жуғыштар жасап тұр, сұйықтық сабындар қойылған.

5. 2022-2023 оқу жылына арналған Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің мектеп жасындағы балаларға арналған екі апталық ас мәзірі (жаз-күз, қыс-көктем) бекітілген. Ас мәзірі Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны басқару қағидаларын бекіту туралы» қаулысының 15 қосымшасына сәйкес жасақталған. Балалардың бір күндік тамақтануына 570 теңге қаралды.

6. Ас мәзірі мекеме басшының қолымен бекітілген. Тиым салынған тамақтар мектепте қолданылмайды.

Алайда кейбір мектептерден кемшіліктер анықталды:

Форт-Шевченко мектеп-лицейінде, Ж.Мыңбаев мектеп-гимназиясында шеттері сынған ыдыс кездесті және барлық мектептерде залдағы ас ішетін үстелдерде қағаз салфетка қойылмаған. Бұл кемшіліктерді жоюға ұсыныстар берілді.

Ұсыныстар:

1. Асхана тоңазытқыштарының ішіне қосымша термометрлерді орналастыру;
2. Жұмыс істеуге тек таза киім қалдырып, артық жеке заттар киім шешетін бөлмеде сақтау;
3. Асханаға арналған арнайы киіммен көшеге, әжетханаға шықпау;
4. Сынық ыдыстарды уақытында ауыстырып отыру;
5. Кем дегенде 5 жылда бір рет біліктілігін арттыру;
6. Тыныс алу жолдарының инфекциясы, ас қорыту бұзылыстары белгілері бар кезде жұмысты тоқтату.

Утесбаева Айбаршын Куанышқалиевна

Досмаганбетова Жадыра Бакытжановна

